

PHILIPS

Смарт саундбар

PB405

Пайдаланушы нұсқаулығы



Мына бетте өніміңізді тіркеңіз және қолдау алыңыз:
www.philips.com/welcome

Мазмұны

1	Маңызды	2
	Анықтама және қолдау	2
	Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар	2
	Өнімді күту	3
	Қоршаған ортаны күту	3
	Талаптарға сәйкестік	4
2	Саундбарыңыз	4
	Негізгі блок	4
	Қашықтан басқару құралы	6
	Жалғағыштар	7
3	Қосылу	7
	Орналастыру	7
	Саундбарды және сабвуферді қосу	8
	Сабвуферді қолмен жұптастыру	8
	Теледидардың және басқа құрылғылардың аудиосына қосылу	9
4	Саундбарды пайдалану	10
	Дыбыс деңгейін реттеу	10
	MP3 ойнатқышы	10
	Теледидардан ойнату	11
	Bluetooth арқылы аудионы ойнату	11
	Google Voice Assistant	12
	Google Chromecast Built-in	12
	AirPlay 2	13
	Зауыттық параметрлерді қолдану	14
5	Қабырғаға бекіткіш	14
6	Өнімнің техникалық сипаттамалары	15
7	Ақаулықтарды жою	16

1 Маңызды

Өніміңізді пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып шығыңыз және түсініңіз. Зақым нұсқауларды орындамаудан туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Анықтама және қолдау

Кеңейтілген онлайн қолдауды алу үшін www.philips.com/support бетіне мыналар үшін кіріңіз:

- пайдаланушы нұсқаулығын және қысқаша бастау нұсқаулығын жүктеп алу
- бейне оқулықтарды көру (тек кейбір үлгілер үшін қолжетімді)
- жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауаптарды табу
- бізге сұрақты электрондық хабармен жіберу
- қолдау орталығының өкілімен сөйлесу.

Тіліңізді таңдау үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз, содан кейін үлгі нөмірін енгізіңіз. Я болмаса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласа аласыз. Хабарласу алдныда өніміңіздің үлгі нөмірін және сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл ақпаратты өніміңіздің артқы немесе төменгі жағында таба аласыз.

Қауіпсіздік туралы маңызды нұсқаулар

- Осы нұсқауларды оқып шығыңыз.
- Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Бұл құрылғыны судың жанында пайдаланбаңыз.
- Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Ешбір желдету саңылауларын жаппаңыз. Өндірушінің нұсқауларына сай орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, плиталар немесе жылу тудыратын басқа құрылғы (соның ішінде зорайтқыштар) сияқты ешбір жылу көздерінің жанында орнатпаңыз.
- Поляризацияланған немесе жерге қосылатын түрге жататын ашаны мақсатына сай пайдаланыңыз.

Поляризацияланған ақшада біреуі екіншісінен кеңірек екі істік бар. Жерге қосылатын түрге жататын ашада екі істік және үшінші жерге қосатын істік бар. Кең істік немесе үшінші істік қауіпсіздігіңіз үшін қамтамасыз етілген. Қамтамасыз етілген аша розеткаңызға сыймаса, ескірген розетканы ауыстыруы үшін электрикке хабарласыңыз.

- **Қуат сымын, әсіресе ашаларды, розеткаларды** және олар құрылғыдан шығатын жерді басудан немесе шымшудан қорғаңыз.
- **Тек өндіруші көрсеткен тіркемелерді/аксессуарларды** пайдаланыңыз.
- **Тек өндіруші көрсеткен немесе** құрылғымен бірге сатылатын арбашықты, тұрғыны, штативті, кронштейнді немесе үстелді пайдаланыңыз. Арбашықты пайдаланғанда, аударылуынан жарақатты болдырмау үшін арбашық/құрылғы тіркесімін жылжытқанда сақ болыңыз.
- **Найзағай кезінде немесе** ұзақ уақыт бойы пайдаланбағанда, бұл құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.
- **Бүкіл қызмет көрсетуді** білікті қызметкерлерге тапсырыңыз. Қызмет көрсету құрылғы қандай да бір түрде зақымдалған болса қажет, мысалы, қуат сымы немесе аша зақымдалса, сұйықтық төгілсе немесе құрылғыға заттар құласа, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал әсері тисе, қалыпты жұмыс істемесе немесе түсіріп алына.
- **Батареяны пайдалануға қатысты САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ** -батареяның ағып, денені жарақаттауын, мүлікті зақымдауын немесе құрылғыны зақымдауын болдырмау үшін:
 - Барлық **батареяларды** дұрыс орнатыңыз, + және - таңбалары құрылғыда белгіленгендей болуы керек.
 - Батареяларды араластырмаңыз (**ескі** және **жаңа** немесе **көміртекті** және **сілтілі**, т.б.).
 - Құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмағанда батареяларды шығарыңыз.
 - Батареяларға күн жарығы, от немесе сол сияқты артық жылудың әсерін тигізбеу керек.
 - Перхлорат материалы - арнайы жұмыс әдістерін қолдану керек болуы мүмкін. Мына бетті қараңыз: www.dtsc.ca.gov/hazardouswaste/perchlorate.



- Өнім/қашықтан басқару құралы жұтылуы мүмкін тиын/түйме тәрізді батареяны қамтуы мүмкін. Батареяны әрқашан балалардан аулақ ұстаңыз! Жұтылса, батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге әкелуі мүмкін. Жұтқаннан кейін екі сағат ішінде ауыр ішкі күйіктер орын алуы мүмкін.
- Батарея жұтылды немесе дененің кез келген бөлігінің ішіне салынды деп күдіктенсеңіз, медициналық көмекке дереу жүгініңіз.
- Батареяны ауыстырғанда, барлық жаңа және пайдаланылған батареяларды әрқашан балалардан аулақ ұстаңыз. Батареяны қайта орнатудан кейін батарея бөлімі толығымен бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Батарея бөлімін толығымен бекіту мүмкін болмаса, өнімді пайдалануды тоқтатыңыз. Балалардан аулақ ұстаңыз және өндірушіге хабарласыңыз.
- **Құрылғыға тамшылардың немесе шашырандылардың әсерін тигізбеу керек.**
- **Құрылғыға ешбір қауіп көздерін қоймаңыз** (мысалы, сұйықтық толтырылған заттарды, жанып тұрған майшамдарды).
- Бұл құрылғы қорғасынды және сынапты қамтуы мүмкін. Жергілікті, штаттық немесе федералдық заңдарға сай қоқысқа лақтырыңыз. Қоқысқа лақтыру немесе қайта өңдеу туралы ақпарат алу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз. Қайта өңдеу мүмкіндіктеріне қатысты қосымша көмек алу үшін www.mygreenelectronics.com, www.eiae.org немесе www.recycle.philips.com сайты арқылы хабарласыңыз.
- Аша немесе құрылғы жалғастырғышы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылса, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болуы керек.
- Бұл құрылғыны сүйену, тарту, тұру немесе үстіне міну арқылы бала және ересек еңкейтуі мүмкін жиһазға қоймаңыз. Құлаған құрылғы ауыр жарақатқа немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін.
- Бұл құрылғыны кітаптар шкафы немесе сөре сияқты кірістірілген затқа қоймау керек, тек егер тиісті желдету қамтамасыз етілмесе. Осы құрылғының айналасында 7,8 дюйм (20 см) немесе көбірек кеңістік қалдырыңыз.

II сыныпты жабдық таңбасы



Бұл таңба құрылғыда қос оқшаулау жүйесі бар екенін көрсетеді.

Осы қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



«Найзағай» белгісі құрылғыдағы

оқшауланбаған материал ток соғуына әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

Отбасыңыздағы әр адамның

қауіпсіздігі үшін өнімнің корпусын ашпаңыз.



«Леп белгісі» пайдалану және техникалық қызмет көрсету мәселелерін болдырмау үшін қамтылған материалды мұқият оқу керек мүмкіндіктерге көңіл аударады.

ЕСКЕРТУ: өрт немесе ток соғуы қауіпін болдырмау үшін бұл құрылғыға жаңбырдың немесе ылғалдың әсерін тигізбеу керек және вазалар сияқты сұйықтықтар толтырылған заттарды бұл құрылғыға қоймау керек.

САҚТЫҚ ЕСКЕРТУ: ток соғуын болдырмау үшін ашаның кең істігін кең ұяшыққа сәйкес келтіріп, толығымен кіргізіңіз.

Өнімді күту

Өнімді тазалау үшін микроталшықты шүберекті ғана пайдаланыңыз.

Қоршаған ортаны күту

Ескі өнімді және батареяны қоқысқа лақтыру



Өіміңіз қайта өңдеуге және қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдарды және құрамдастарды пайдаланып жобаланған және өндірілген.



Өнімдегі бұл таңба өнімді 2012/19/EU еуропалық директивасы қамтитынын білдіреді.



Бұл таңба өнім 2013/56/EU еуропалық директивасымен қамтылған, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтыруға болмайтын батареяларды қамтитынын білдіреді. Электр және электрондық өнімдер мен батареяларды жинаудың жергілікті бөлек жүйесі туралы ақпарат алыңыз. Жергілікті ережелерді сақтаңыз және ешқашан өнім мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге қоқысқа лақтырмаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс лақтыру қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына теріс салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Бір рет пайдалануға болатын батареяларды шығару

Бір рет пайдалануға болатын батареяларды шығару үшін батарея орнату бөлімін қараңыз.

Талаптарға сәйкестік


Бұл өнім Еуропалық Қоғамдастықтың радио кедергілерге қойылатын талаптарына сай. Осымен, MMD Hong Kong Holding Limited бұл өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа қатысты шарттарына сай екенін жариялайды. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com бетінде табуға болады.

2 Саундбарыңыз

Сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдаудың артықшылығын толығымен пайдалану үшін саундбарыңызды www.philips.com/welcome бетінде тіркеңіз.

Негізгі блок

Бұл бөлім негізгі блокқа шолуды қамтиды.



- ① Саундбарды қосу немесе күту режиміне ауыстыру.
- ② (SOURCE) Саундбар үшін кіріс көзін таңдау.
- ③ Volume+/- Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту.
- ④ Микрофон дыбысын өшіру/қосу үшін түймені басыңыз.
- ⑤ Микрофон

⑥ Саундбардың ЖШД индикаторы

POWER ON:

- Бірінші рет әдепкі кіріс көзі ЖШД индикаторын көрсетеді, содан кейін соңғы күйге өтеді, мысалы, кіріс көзі, ЖШД индикатор, дыбыс деңгейі және микрофон дыбысын өшіру немесе қосу (Ескертпелер: 3 минуттан кейін әрекеттер болмаса, көздің ЖШД индикаторы автоматты түрде өшеді).
- Күту режимі: көз ЖШД индикаторы күңгірт қызыл түсті көрсетеді.

ТӨМЕНГІ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ КҮЙІ:

(деңгей ауқымы: -12~+12, әдепкі деңгей: 0)

- (ЕСКЕРТПЕЛЕР: ТӨМЕНГІ ЖИІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ деңгейі 0-ден жоғары болса, солдан оңға қарай төрт RGB ЖШД жанады; ТӨМЕНГІ ЖИІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ деңгейі 0 болса, индикатор болмайды; ТӨМЕНГІ ЖИІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ деңгейі 0-ден төмен болса, төрт RGB ЖШД оңнан солға қарай жанады).



- ТӨМЕНГІ ЖИІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ деңгейі 0,5 секундтан кейін +3/-3 болса, төрт RGB ЖШД біреуі күңгірттен тұрақты жарыққа дейін жанады.



- ТӨМЕНГІ ЖИІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ деңгейі 0,5 секундтан кейін +6/-6 болса, 1-ші ЖШД тұрақты түрде жанады, 2-ші ЖШД күңгірттен тұрақты жарыққа дейін жанады.



- ТӨМЕНГІ ЖИІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ деңгейі 0,5 секундтан кейін +9/-9 болса, бірінші екі ЖШД тұрақты түрде жанады, бірақ 3-ші ЖШД күңгірттен тұрақты жарыққа дейін жанады.



- ТӨМЕНГІ ЖИІЛІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ЖИІЛІКТЕРДІҢ деңгейі 0,5 секундтан кейін +12/-12 болса, 3 ЖШД тұрақты түрде жанады, бірақ 4-ші ЖШД күңгірттен тұрақты жарыққа дейін жанады.

BLUETOOTH КҮЙІ:

- Жұптастыру режимі: көк ЖШД тез жыпылықтайды
- Қосылған: тұрақты көк
- Ажырату: көк ЖШД баяу жыпылықтайды

МИКРОФОН ДЫБЫСЫН ӨШІРУ КҮЙІ:

- Микрофон дыбысын өшіру: 4 RGB сарғылт

AUX IN STATUS:

- AUX IN/аудио кірісі: тұрақты жасыл

OPTICAL IN STATUS:

- OPTICAL IN: қатты күлгін

HDMI IN STATUS:

- HDMI (ARC): тұрақты циан

VOLUME MUTE:

- Қашықтан басқару құралында дыбыс деңгейін өшіру түймесін басыңыз, ағымдағы ЖШД ақ түске өзгереді (басқа көзге ауыстырғанда дыбыс өшірілі қалады). Дыбыс деңгейін өшіру түймесін қайтадан басыңыз, ЖШД ағымдағы көздің ЖШД қайтадан өзгереді.


GOOGLE ASSISTANT ТРИГГЕРІ:

- Жүйені күшейту: 4 RGB ЖШД ақ түсті баяу жыпылықтауды көрсетеді.
- Зауыттық әдепкі параметрлерді қайта орнату: 4 RGB ЖШД ақ түспен тұрақты түрде жанып, 0,5 с-тан кейін өшеді.
- Ыстық сөз триггерін күту: 4 RGB ЖШД өшеді.
- Арнайы сөз іске қосатын: UX google assistant анимацияларын қараңыз.
- Дауыстық пәрменді айту кезінде: UX google assistant анимацияларын қараңыз.
- Дауыстық пәрменді өңдеу нәтижесі: UX google assistant анимацияларын қараңыз.
- Дауыстық пәрмен нәтижесін қамтамасыз ету: UX google assistant анимацияларын қараңыз.
- Пәрменді күту уақыты бітті: 4 RGB ЖШД 3 рет тез жыпылықтайды. Микробағдарламаны жаңарту: 4 RGB ЖШД барлығы ақ түспен баяу жыпылықтайды.
- Ең жоғары дыбыс деңгейіне жету: 4 RGB барлығы екі рет ақ түспен тез жыпылықтайды.

⑦ Сабвуфердің ЖШД индикаторы

- Жұптастыру режимі: қызыл ЖШД жыпылықтайды
- Қосылған: тұрақты қызыл


Қашықтан басқару құралы



1. **🔌** түймесі
Құрылғыны **ҚОСУЛЫ** және **ӨШІРУЛІ** режимдерінің арасында ауыстырады.
2. Сөйлеу үшін басу
Сөйлеу үшін басу функциясын қосу үшін басыңыз.
3. **🔇** түймесі
Құрылғының дыбысын өшіреді немесе дыбысты қосады.
4. **VOL +** түймесі
Дыбыс деңгейін арттыру.
5. **⏮ / ⏸ / ⏭**
Музыканы ойнатуды басқару үшін қысқа уақыт бойы басыңыз: алдыңғы трек, кідірту/ойнату, келесі трек.
6. **VOL -** түймесі
Дыбыс деңгейін азайту.
7. **BASS** түймесі
Төменгі жиіліктердің дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту.
8. **TREBLE** түймесі
Жоғары жиіліктердің дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту.
9. **SOURCE** түймесі
Көзді өзгерту үшін қысқа уақыт бойы басыңыз: HDMI, BLUETOOTH, OPTICAL, AUX

Жалғағыштар

Бұл бөлім саундбарыңызда қолжетімді жалғағыштарға шолуды қамтиды.



- ① **HDMI**
HDMI (ARC). Теледидардағы HDMI ARC ұяшығына қосыңыз.
- ② **OPTICAL**
Теледидардағы немесе цифрлық құрылғыдағы оптикалық аудио шығысына қосыңыз.
- ③ **AUX**
Аналогтық аудио кіріс, мысалы, MP3 ойнатқышы (3,5 мм стерео).
- ④ **DC IN**
Саундбарды қуат көзіне қосу.
- ⑤ **AC IN**
Сабвуферді қуат көзіне қосу.

3 Қосылу


Бұл бөлім саундбарды теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға көмектеседі. Саундбардың және аксессуарлардың негізгі қосылымдары туралы ақпаратты қысқаша бастау нұсқаулығында қараңыз.

Ескертпе


- Идентификацияны және қуат көзінің көрсеткіштерін өнімнің артқы немесе төменгі жағындағы зауыттық тақтайшада қараңыз.
- Кез келген қосылымдарды орнату немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратулы екенін тексеріңіз.

Орналастыру

Саундбарды және сабвуферді төменде көрсетілгендей орналастырыңыз.



Саундбарды және сабвуферді қосу



- Зауыттық әдепкі параметрге сай саундбар және сабвуфер жұптастырылған болады, құрылғыны қуатын қосқанда бірнеше секундтан кейін автоматты түрде қосылады; 10 с-тан кейін қосу мүмкін болмаса, сабвуфердің қызыш ЖШД олар жұптастырылғанша баяу жыпылықтайды.
- Сабвуфер және саундбар қандай да бір жолмен ажыратылған болса (қуатты жоғалтса, т.б.), ол әрқашан автоматты түрде қайта қосылады. Құрылғы әлі ажыратылған күйде болса, қолмен жұптастырыңыз.
- Саундбар күту режимінде болса, 1 минуттан кейін сабвуфер де күту режиміне өтіп, ЖШД индикаторы өшеді.


Сабвуферді қолмен жұптастыру

- Сабвуфер саундбарға автоматты түрде қосыла алмаса, пайдаланушы төмендегі процесті орындау арқылы оларды қолмен жұптастыра алады.
Саундбарда Source және Vol+ түймелерін бір уақытта 3 с бойы ұзақ басыңыз, содан кейін сабвуферде жұптастыру түймесін 3 с бойы басыңыз, саундбардың ағымдағы ЖШД индикаторы және сабвуфердің қызыл ЖШД бір бірімен жұптастырылғанша тез жыпылықтайды. Қосылғаннан кейін ЖШД индикаторы тұрақты түрде жанып тұрады.

Теледидардың және басқа құрылғылардың аудиосына қосылу

1-опция: аудиоға HDMI кабелі арқылы қосылу




Ең жақсы сапалы аудио



- 1 HDMI кабелін пайдаланып саундбардағы **HDMI** жалғағышын **HDMI OUT** ұяшығына немесе басқа құрылғыға қосыңыз.

2-опция: аудиоға цифрлық оптикалық кабель арқылы қосылу



Ең жақсы сапалы аудио



- 1 Оптикалық кабельді пайдаланып, саундбардағы **OPTICAL** жалғағышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **OPTICAL OUT** жалғағышына қосыңыз.
 - Цифрлық оптикалық жалғағыш **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** деп белгіленуі мүмкін.

3-опция: аудиоға 3,5 мм стерео аудио кабель арқылы қосылу

Стандартты сапалы аудио



- 1 3,5 мм стерео аудио кабельді пайдаланып саундбардағы **AUX** жалғағышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **AUX** жалғағышына қосыңыз.

4 Саундбарды пайдалану

Бұл бөлім саундбарды қосылған құрылғылардан аудионы ойнату үшін пайдалануға көмектеседі.

Бастау алдында

- Қысқаша бастау нұсқаулығында сипатталған қажетті қосылымдарды орнатыңыз немесе www.philips.com/support бетінде пайдаланушы нұсқаулығын жүктеп алыңыз.
- Басқа құрылғылар үшін саундбарды дұрыс көзге ауыстырыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

- 1 Қашықтан басқару құралында **+/- (Volume)** түймесін дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін пайдаланыңыз.
 - Дыбысты өшіру үшін түймесін **⏏** басыңыз.
 - Дыбысты қалпына келтіру үшін **⏏** түймесін қайтадан басыңыз немесе **+/- (Volume)** түймесін басыңыз.

Дыбыс деңгейінің күйі:

- 0,5 с-тан кейін дыбыс деңгейі 25%-да болса, төрт RGB ЖШД біреуі күңгірттен тұрақты жарыққа дейін жанады.
- 0,5 с-тан кейін дыбыс деңгейі 50%-да болса, төрт RGB ЖШД екеуі жанады, бірақ 2-ші ЖШД күңгірттен тұрақты жарыққа дейін жанады.
- Дыбыс деңгейі 0,5 секундтан кейін 75% болса, төрт ЖШД үшеуі жанады, бірінші екі ЖШД күңгірттен тұрақтыға дейін жанады.
- 0,5 с-тан кейін дыбыс деңгейі максималды болса, төрт RGB ЖШД жанып, 3 ЖШД тұрақты түрде жанады, бірақ 4-ші ЖШД күңгірттен жарыққа дейін жанады.

MP3 ойнатқышы

Аудио файлдарды немесе музыканы ойнату үшін MP3 ойнатқышын қосыңыз.

Не қажет

- MP3 ойнатқышы.
- 3,5 мм стерео аудио кабелі.

- 1 3,5 мм стерео аудио кабелін пайдаланып, MP3 ойнатқышын **AUX** саундбардағы жалғағышқа қосыңыз.
- 2 Қашықтан басқару құралында **⏏** түймесін **AUX** режимін таңдау үшін басыңыз.
- 3 Аудио файлдарды немесе музыканы таңдау және ойнату үшін MP3 ойнатқышындағы түймелерді басыңыз.


Теледидардан ойнату

Аудио файлдарды немесе музыканы ойнату үшін теледидарды қосыңыз.

Не қажет

- HDMI жалғағышы бар теледидар.
- HDMI аудио кабелі.

- 1 HDMI кабелі арқылы теледидарды саундбардағы HDMI жалғағышына қосыңыз.
- 2 HDMI режимін таңдау үшін теледидардың қашықтан басқару құралында INPUT/SOURCE түймесін басыңыз.
- 3 HDMI режимін таңдау үшін саундбардың қашықтан басқару құралында SOURCE түймесін басыңыз.



Bluetooth арқылы аудионы ойнату

Bluetooth арқылы саундбарды Bluetooth құрылғысына (мысалы, iPad, iPhone, iPod touch, Android телефоны немесе планшеті) қосыңыз, содан кейін саундбардың үндеткіштері арқылы құрылғыда сақталған аудио файлдарды тыңдай аласыз.

Не қажет

- A2DP және AVRCP Bluetooth профильдерін қолдайтын және Bluetooth 5.0 нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
 - Саундбар және Bluetooth құрылғысы арасындағы жұмыс ауқымы — 4 метр (13 фут).
- 1 Қашықтан басқару құралында  түймесін саундбарда **Bluetooth** режимін таңдау үшін басыңыз.
↳ Саундбардың индикаторы көк түспен жыпылықтайды.
 - 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз, қосылуды бастау үшін **Philips TAPB405** құрылғысын іздеп, таңдаңыз (Bluetooth функциясын қосулы жолын Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз).
↳ Қосылу кезінде саундбардың индикаторы көк түспен жыпылықтайды.
 - 3 Саундбардың индикаторы тұрақты көк түспен жанғанша күтіңіз.
↳ Қосылым орнатылмаса, индикатор төменірек жылдамдықпен үздіксіз жыпылықтайды.
 - 4 Bluetooth құрылғыңызда аудио файлдарды немесе музыканы таңдаңыз және ойнатыңыз.
 - Ойнату кезінде, қоңырау келсе, музыканы ойнату кідіріледі.
 - Bluetooth құрылғыңыз AVRCP профилін қолдаса, қашықтан басқару құралында тректі өткізіп жіберу үшін  /  түймесін басуға немесе ойнатуды кідірту/жалғастыру үшін  түймесін басуға болады.
 - 5 Bluetooth режимінен шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.
 - Bluetooth режиміне қайта ауысқанда, Bluetooth байланысы белсенді болып қалады.



Ескертпе

- Музыканы ағындатуды құрылғы мен саундбар арасындағы кедергілер үзуі мүмкін, мысалы, қабырға, құрылғыны жауып тұрған металл корпус немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін маңайдағы басқа құрылғылар.
- Саундбарды басқа Bluetooth құрылғысына қосқыңыз келсе, қашықтан басқару құралында  түймесін басып, Bluetooth режимін таңдаңыз және  түймесін қазіргі уақытта қосылған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін ұстап тұрыңыз.

Google Voice Assistant

Жай ғана «OK Google» деп бастаңыз, содан кейін оған сұрақтар қойыңыз немесе оған мына сияқты нәрселерді істе деп айтыңыз:

«Біраз джаз ойнат»

«Дыбыс деңгейін көтер»

«Пицца үшін 13 минуттық таймерді орнат»

«Маған бүгін қолшатыр керек пе?»

Google Chromecast Built-in

Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін төмендегі үш қадамды орындаңыз:

1. Google Home қолданбасы арқылы телефонды немесе планшетті үндеткішпен бірдей Wi-Fi желісіне қосыңыз.
2. Chromecast-ты қолдайтын қолданбалардан подкасттарды, музыканы және т.б. трансляциялаңыз. Ойнату үшін Chromecast-ты қолдайтын қолданбада «Трансляциялау» түймесін түртіңіз.
3. Үндеткіште музыканы ойнату үшін Chromecast-ты қолдайтын қолданбада «Трансляциялау» түймесін түртіңіз.



AirPlay 2

Бұл AirPlay 2 функциясын қолдайтын динамикті басқару үшін құрылғыңызда iOS 11.4 немесе одан кейінгі нұсқа керек.

iPhone немесе iPad

құрылғыңызда орналасқан Apple Home қолданбасында құрылғыңызды реттеңіз

1. iOS құрылғысын Wi-Fi желісіне қосыңыз.
2. Apple Home қолданбасын конфигурациялау процесін орындаңыз.

I Apple Home қолданбасын ашыңыз.

II «+» белгішесін басып, «Аксессуарды қосу» пәрменін таңдаңыз.

III «Код жоқ немесе сканерлей алмадым» түймесін басыңыз.



IV Құрылғыны іздеңіз және құрылғыны тапқанда, құрылғы атауын басыңыз.

V «Аксессуарды желіге қосу» ұсынылғанда, «Рұқсат ету» түймесін басыңыз.

VI Желіге қосылу күтілуде.

VII Желіге сәтті қосылғаннан кейін аксессуар қосылуы болады.


VIII «Менің үйім» тармағына өтіңіз, сонда өзіңіз қосқан жаңа құрылғыны таба аласыз.



3. Саундбар желіге қосылғанда, музыка AirPlay арқылы саундбарға жіберіледі.

I Apple music қолданбасы сияқты бір музыка ойнатқышын таңдап, AirPlay белгішесін басыңыз.

II Құрылғы атауын таңдаңыз және қосылу үшін басыңыз. Трансляциялау кезінде ойнатуды басқарыңыз: дыбыс деңгейін төмендету/арттыру, ойнату/кідірту, алдыңғы/келесі, т.б.



«Apple құрылғыларымен жұмыс істейді» бейджигінің қолданылуы аксессуар бейджикте көрсетілген технологиямен жұмыс істеу үшін арнайы жобаланғанын және әзірлеуші оны Apple өнімділік стандарттарына сай болуы үшін сертификаттағанын білдіреді.

Зауыттық параметрлерді қолдану

Үндеткіштің қуаты қосулы кезде, VOL- және VOL+ түймелерін 15 с бойы басып тұрыңыз, үндеткіштің қуаты өздігінен өшеді және зауыттық әдепкі параметрлер қайта орнатылады.

5 Қабырғаға бекіткіш




Ескертпе

- Қабырғаға тиісті емес бекіту сәтсіз жағдайға, жарақатқа немесе зақымға әкелуі мүмкін. Кез келген сұрауыңыз болса, еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
- Қабырғаға бекіту алдында қабырға саундбардың салмағын ұстап тұра алатынын тексеріңіз.

Бұранданың ұзындығы/диаметрі

Саундбарды қабырғаға бекіту түріне байланысты, бұрандалардың ұзындығы және диаметрі қолайлы екенін тексеріңіз.



Саундбарды қабырғаға бекіту жолы туралы қысқаша бастау нұсқаулығындағы суретте қараңыз

- 1) Қабырғада екі тесікті бұрғылаңыз.
- 2) Дюбельдерді және бұрандаларды тесіктерде бекітіңіз.
- 3) Саундбарды бекіту бұрандаларында іліңіз.

6 Өнімнің техникалық сипаттамалары

Ескертпе

- Техникалық сипаттамалары және дизайны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Зорайтқыш

- RMS жалпы шығыс қуаты: 120 Вт RMS (+/- 0,5 дБ, 1%THD)
- Жиілікке қатысты сипаттама: 50 Гц-20 кГц / - 6 дБ
- Сигнал мен шумдың арақатынасы: > 88 дБ (CCIR) / (А өлшенген)
- Жалпы гармониялық бұрмалану: < 1 %
- Кіріс сезімталдық:
 - LINE IN: 500 мВ +/- 50 мВ

Аудио

- S/PDIF Digital аудио кірісі:
 - Оптикалық: TOSLINK
- Дискретизация жиілігі:
 - MP3: 8 кГц, 11 кГц, 12 кГц, 16 кГц, 22 кГц, 24 кГц, 32 кГц, 44,1 кГц, 48 kHz
- Тұрақты биттер жылдамдығы:
 - MP3: 8 кбит/с - 320 кбит/с

Bluetooth

- Bluetooth профильдері: A2DP, AVRCP
- Bluetooth нұсқасы: 4.2
- Жиіліктер диапазоны/шығыс қуат: 2402 - 2480 МГц / ≤12 dBm

Негізгі блок

Саундбар

- Қуат көзі: 100-240 В~, 50/60 Гц
- Қуатты тұтыну: 18 В/2 А
- Күту режиміндегі қуатты тұтыну: ≤ 2,5 Вт
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 800 x 67,5 x 107 мм
- Салмағы: 2,09 кг
- **Кірістірілген динамиктер:** 2 x толық ауқым (57 мм/2,25 дюйм, 6 Ом)
2 x твитер (19,05 мм/0,75 дюйм, 6 Ом)

Сабвуфер

- Қуат көзі: 100-240 В~, 50/60 Гц
- Қуатты тұтыну: 60 Вт
- Күту режиміндегі қуатты тұтыну: ≤ 2 Вт
- Өлшемдері (Е x Б x Д): 300 x 343 x 150 мм
- Салмағы: 5,08 кг
- **Кірістірілген динамиктер:** 1 x жиілік (133 мм/5,25 дюйм, 4 Ом)

Қашықтан басқару құралының батареялары

- 2 x AAA-R03-1,5 В

ТАРВ405 Еуропалық Одақтың энергия туралы заңнамасының талаптарына сай.

ТАРВ405 құрылғысы Еуропалық Комиссияның (ЕС) 1275/2008 және (ЕУ) 801/2013 нөмірлі регламентінің талаптарына сай. Ол желінің қолжетімділігі жоғары желіге қосылатын жабдық болып табылады (HiNA жабдығы және HiNA функциялары бар жабдық).

Қуатты тұтыну

Күту режимі: Т/Е

Желіні күту режимі: Т/Е

Белсенді күту режимі*: 3 Вт

* **Белсенді күту режимі:** ТАРВ405 сымсыз желіге қосылған, бірақ белсенді аудио функцияларын қамтамасыз етпейді.

7 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Ток соғу қаупі бар. Өнімнің корпусын ешқашан ашпаңыз.

Кепілдікті жарамды күйде сақтау үшін өнімді өз бетіңізше жөндеуге ешқашан әрекеттенбеңіз. Бұл өнімді пайдалануда мәселелеріңіз болса, қызмет көрсетілуін сұрау алдында келесі тұстарды тексеріңіз. Мәселе әлі болса, мына бетте қолдау алыңыз: www.philips.com/support.

Негізгі блок

Саундбардағы түймелер жұмыс істемейді.

- Саундбарды қуат көзінен бірнеше минутқа ажыратыңыз, содан кейін қайта қосыңыз.

Дыбыс

Саундбардың үндеткіштерінен дыбыс шықпайды.

- Саундбардың аудио кабелін теледидарға немесе басқа құрылғыларға қосыңыз.
- Саундбарды зауыттық параметрлеріне қайта орнатыңыз.
- Қашықтан басқару құралында дұрыс аудио кірісін таңдаңыз.
- Саундбардың дыбысы өшірулі емес екенін тексеріңіз.

Бұрмаланған дыбыс немесе жаңғырық.

- Теледидардың аудиосын саундбар арқылы ойнатсаңыз, теледидар дыбысы өшірулі емес екенін тексеріңіз.

Bluetooth

Құрылғы саундбарға қосыла алмайды.

- Құрылғы саундбар үшін керек үйлесімді профильдерді қолдамайды.
- Сіз құрылғының Bluetooth функциясын қоспадыңыз. Функцияны қосу үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.

- Құрылғы дұрыс қосылмаған. Құрылғыны дұрыс қосыңыз. (10-бетте «Bluetooth арқылы аудионы ойнату» бөлімін қараңыз)
- Саундбар басқа Bluetooth құрылғысына қосылып қойылған. Қосылған құрылғыны ажыратып, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысынан ойнатылатын аудионың сапасы нашар.

- Bluetooth сигналын қабылдау нашар. Құрылғыны саундбарға жақындатыңыз немесе құрылғы мен саундбар арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.

Қосылған Bluetooth құрылғысы үнемі қосылады және ажыратылады.

- Bluetooth сигналын қабылдау нашар. Құрылғыны саундбарға жақындатыңыз немесе құрылғы мен саундбар арасындағы кез келген кедергіні алып тастаңыз.
- Кедергілерді болдырмау үшін Bluetooth құрылғысында Wi-Fi функциясын өшіріңіз.
- Кейбір Bluetooth құрылғыларында, қуатты үнемдеу үшін Bluetooth байланысы автоматты түрде ажыратылуы мүмкін. Бұл саундбарда ақаулық бар екенін көрсетпейді.



Bluetooth® сөз белгісі және логотиптері Bluetooth SIG, Inc иелік ететін тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Google, Google Home, Google Play, Chromecast Built-in және басқа қатысты белгілер мен логотиптер Google LLC компаниясының сауда белгілері болып табылады. Dolby Laboratories лицензиясы бойынша өндірілген. Dolby, Dolby Audio және қос D таңбасы Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері болып табылады.

Apple және AirPlay бұл Apple Inc. компаниясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.

HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface тіркелген сауда белгілері және HDMI логотипі HDMI Licensing Administrator, Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Philips және Philips қалқан эмблемасы Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады және лицензия бойынша пайдаланылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның серіктес компанияларының біреуі өндірген және солардың жауапкершілігі бойынша сатылады әрі MMD Hong Kong Holding Limited осы өнімге қатысты кепілдік беруші болып табылады.

